

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Ж.Ж. Руссоның концепциясы:

- A) Тіл дамуына қоғам қажеттілігі ықпал етті, бірақ адам тілі үшін құдайға міндетті
- B) Тіл – адам ойы мен сезімінің дамуы барысындағы заңды құбылыс
- C) Еліктеуіш теориясын жоққа шығарды
- D) Тілдің шығуы мен тарихын ойлаумен байланыстырды
- E) Әлеуметтік келісім және тілдің эмоционалды шығу тегі немесе еліктеуіш теорияларын ұсынуынан көрінеді

2. XVIII ғ. Филогенетикалық концепциялардың авторы:

- A) У.Джонс
- B) Р.Декарт
- C) Ф.Бопп
- D) Ж.Ж. Руссо
- E) Ф.Бэкон

3. В. фон Гумбольдтың лингвистикадағы диалектикалық әдісі, тілдік антиномиясы бойынша:

- A) Сөйлем және пайымдау - бір текті категориялар
- B) Тіл – құрылым, тіл - жүйе
- C) Тіл және ойлау ажырамас бірлікте және ішкі қайшылықта табылады
- D) Тіл бірліктері парадигматикалық және синтагматикалық байланыстарда табылады
- E) Сөйлем және айтылыс арасында айырмашылық бар

4. Неолингвизм мектебінің негізін салушысы:

- A) К. Фосслер
- B) Ш. Балли
- C) Дж. Бонфанте
- D) Г. Шухардт
- E) Р. Мерингер

5. Д. Локктың тілдік философиялық концепциясы:

- A) Сөз – ойдың түйсікті, сезіммен қабылданатын белгісі, ал сөз мағынасы – таным мен түсініктің, яғни ойдың орнын ауыстыратын қабілеті деп көрсетті
- B) «Жасанды тілде сөздердің жіктелу, септелу жүйесінде бір ғана тәсіл болады» деп болжады
- C) Грамматиканы әріптік және философиялық деп бөлді
- D) Сөздер мен заттар, сөздер мен ой арасындағы қатынастарды қарастырды
- E) Әріптік (эмпирикалық) грамматика практикалық мақсатта қызмет етеді деп шешті

6. Австрия лингвисті Г.Шухардтың басты қағидасы:

- A) Тіл – жеке адамның рухани шығармашылығы
- B) Тілдегі әр сөздің этимологиясы бар
- C) Ауыл шаруашылығына байланысты сөздердің тарихын зерттеу – ауыл шаруашылығы тарихын зерттеу
- D) Сөздер тарихын лингвистикалық талдау арқылы ғана емес, заттар тарихы арқылы да зерттеуге болады
- E) Тілді жасайтын да қалыптастыратын да рух. Тілдің дамуы рухқа тәуелді

7. Социологиялық мектептің өкілі:

- A) Ф. де Соссюр, Ш. Балли
- B) К. Фосслер, А. Сеше
- C) Г. Шухардт, Ш. Балли
- D) Р. Мерингер, Э. Бенвенист
- E) Ш. Балли, Э. Сепир

8. «Пор-Рояль грамматикасы» авторлары – А. Арно және К. Ланслоның алға қойған негізгі міндеті:

- A) Тілдің дыбыстық заңдылықтарын ашу
- B) Жалпы тілдерге ортақ, әмбебап тілдік құбылыстарды анықтау
- C) Үндіеуропа тілдерінің грамматикалық құрылысындағы генетикалық ортақ элементтерді іріктеп, жүйелеу
- D) Тілдің коммуникативтік қызметтерін зерттеу
- E) Тілдердің үздіксіз даму заңдылықтарын ашу

9. Зат және оның атауы арасындағы сәйкессіздіктер туралы Демокрит тұжырымы:

- A) Тілде заңдылыққа бағынбайтын ауытқушылықтар көп
- B) Алғашқы дыбыстар табиғатқа еліктеуден туған
- C) Көп ұғымдар сөзбен белгіленбеген, көптеген ұғымның бірнеше атауы бар
- D) Затқа атау табиғаттан берілген
- E) Заттардың атауы сипау, сезумен байланысты жасалған

10. Ф. Бэконның философиялық грамматикасының ерекшелігі:

- A) Жасанды тіл теориясын сандардың табиғи тәртібі қатары негізінде ұсын
- B) Сөз мағынасын субъективті және объективті деп бөлшектеді
- C) Сөз мағынасына көп көңіл бөліп, оны тілдің мәнісі туралы іліммен байланыстырды
- D) Сөз – ойдың түйсікті, сезіммен қабылданатын белгісі, ал сөз мағынасы – таным мен түсініктің, яғни ойдың орнын ауыстыратын қабілеті деп көрсетті
- E) Тілді зерттеуде эмпирикалық әдісті дәріптеді